

«Сейфуллин оқулары-14: Жастар, ғылым, инновациялар: цифрландыру – жаңа даму кезеңі» атты Республикалық ғылыми-теориялық = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения-14: Молодежь, наука, инновации: цифровизация – новый этап развития». - 2018. - Т.1,Ч.4. - Б.125-128

АБАЙ ЖӘНЕ ШӘКӘРІМ ІЛІМДЕРІНДЕГІ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҮНДЕСТІКТІҢ ЖАСТАР ТӘРБИЕСІНДЕГІ МАҢЫЗЫ

Қаныбекова С.М.

XXI ғасырдың табалдырығын аттаған еліміз әлемнің дамыған елдерінің қатарына кіруге бет алды. Алайда осы алпауыт елдермен тереземіздің теңелуі оңай іс емес екендігі барлығымызға аян. Оған ұлт көшбасшысы тарапынан сындарлы саясат, білімді, бәсекеге қабілетті, руханилықты жоғары бағалайтын қоғам қажет. Оның айқын көрінісі Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Біз тұрғызатын қоғам арды бағалайтын, белсенді, жоғары моральді, әдепті және рухани байлығы мол адамдардан тұру керек» - деп айтқандығынан байқауға болады. Елбасымыздың жыл сайынғы Қазақстан халқына жолдауы өз жаналықтарымен, құнды идеяларымен, еліміздің жаңғыруына, өркендеуіне негіз болатын салмақты тұжырымдарымен ерекшеленеді. Солардың бірі және бірегейі «Мәңгілік ел» идеясы екені бізге аян. Тарих қойнауындағы тасқа қашап жазып кеткен Тоныкөк, Күлтегін бабаларымыздың да, «Ізгі қала тұрғындарын» тәрбиелеуді мұрат еткен әл-Фараби бабамыз да, «Адам бол» деп рухани іліммен сусындатқан Абайдың да аңсаған арманы «Мәңгілік ел» ұлттық идеясының негізгі іргетасы болып табылады.

Қазіргі уақытта техника мен технологиялардың қарқынды дамуы жағдайында, жаһандану барысында мемлекетте әлеуметтік-экономикалық жаңғырту саясатын жүзеге асыру арқылы ізгі қоғамға қол жеткізу басты мәселе болып отыр. Қоғамды өзгертуші күштің бірі адам болғандықтан, қоғамның ізгілігі адамдардың игілігінен, адами іс-әрекеттерінен, этномәдени әлеуметтенуінен, олардың өркениеттік озық үлгілерді бойына сіңіруінен және өзіндік болмысын сақтап қалуынан негіз алады. Қоғамның, өркениеттің гүлденген кезеңінде жаһанданудың көлеңкесінде адамзаттың рухани келбетін сақтап қалуы бірден-бірі маңызды мәселе болып табылады. Себебі «арды» бағалайтын, рухани-адамгершілік құндылықтары жоғары қоғамның ғана елдігі мәңгілік болады. Осындай батыс пен шығыс өркениетінің ықпалдасқан, ғылыми-техникалық прогресстің қарыштап дамыған кезеңінде елді рухани сусындататын ілімнің басымдылығы мол. «...Қазіргідей заманда Абай жырларына айына емес, аптасына емес, күніне бір үңіліп қоймай болмайды. Сонда жан қинап жүрген қай күмәннің де бәріне жауап таба аласың». Бұл сөздер әрбір адамның өркениеттің гүлдену кезінде өзінің рухани болмысын ұмыт қалдырмауды меңзейтін ойлар тәрізді [1].

Осы ретте жастарға болсын, жалпы адамзатқа рухани серпіліс беріп, ар-ұжданның, адамгершілік ойлардың шоқтығында Абай мен Шәкәрім ілімі тұрғандығы бәрімізге аян.

Абай ұғымына адамтануды өрбітетін негізгі игіліктер: сезім, сана, ой; адамдықты көрсететін қасиеттер мен құндылықтар: жан мен рух; мінез, әрекет, тәжірибе, білім, өнер, кәсіптік икемділік. Құндылықтардың осы төрт тобы салыстырмалы түрде адамды өз-өзін тануға итермелейді, оны өз-өзімен табыстырады...» әрі қарай адам туғаннан ер жету және бүкіл өмірінде негізінен тәрбие арқылы өзгерістерге ұшырайды. Өмір қоршаған орта оның дамуына, қалыптасуына, дүниетанымына, өзін-өзі тануына әсер ететіндігі сөз болады. Абайдың рухани-адамгершілікті өрбітуге байланысты осындай көрсеткіші ақыл мен білім, рухтың тазалығын әрбір адамның санасына, тәрбиесіне пайдаланса, болашақ жастарымыздың ақыл-парасаттылығы мен ой тазалағы мүдделеріне сай келетініне көз жеткізуге болады. Абай философиясының ең маңызды бөлшегі және ең шоқтығы биік құнды еңбектері адам мәселесіне байланысты болатын. Оның ішінде адамның рухани кемелденуі, өзін-өзі тәрбиелеу арқылы өз болмысының қыр-сырын білудің маңыздылығын айтып, рухани үндеу тастайды. Абай философиясында «жанның тамағы деген ұғымды аңғармай өту мүмкін емес. Ұлы ойшыл адамның рухани және материалдық құндылықтарының ара жігін ажыратып, кемелденуді мақсат тұтуды және жаны мен тәнінің сұлулығының үйлесімді дамытуын айтады.

Абай «жанның тамағы» да жан қуаты арқылы біртіндеп қорланатын рухани байлықты меңзейді. Өйткені, Абай «...құмарланып жиған қазынамызды көбейтсек керек, бұл жанның тамағы еді», – деп көрсетуі арқылы әрбір талапкер жас өзінің дүниетанымының қалыптасу жолында жанның пайдалы тамағымен сусындауға саналы түрде бет бұрса ғана «толық адам» жолына түсе алады. Абайдың толық адам ілімі мен жантану ілімін ерекше әрі жанжақты терең зерттеу ісіне тікелей кіру қажеттілігі туып отыр. Ол ілім қазақ жерінің туындысы болу үстіне бүкіл түрік халықтарының келешекте қабылданар моральдік кодексінің іргетасына айналумен бірге күллі әлем халықтарының Кемал адам қалыптастыруында толық адам іліміне тең түсер өзіндік ілімі болмауы себепті де, бар күшті осы мәселені шешуге салып, тезірек зерттеу нысанасына қоюға міндеттіміз.

Екіншісі, Абайдың жиырма жетінші қара сөзінде «Жә, сен бұл ақылға қайдан ие болдың? Әрине, қайдан келседе, жан деген нәрсе келді де, сонан соң ие болдың» деген ой толғанысында жан сырттан, түб ие тарапынан келгенін меңзеп отыр. Ал Шәкәрім болса, «Жанымыз келген нұрдан, Тәніміз топырақ пен судан...» деген ой танымын ортаға салады. Жанды танып білу, ғарыштан келетін яғни, жанның тылсым құбылыс болуы себепті, ол жантану іліміне жатады. Абайдың философиясындағы адамдықтың үш негізгі принципін: «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті – ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» деп, адамды адамнан «биік» ететін жоғарғы құндылықтарды көрсетуі мен Шәкәрім іліміндегі адам өмірін түзеуге мүмкіндік жасайтын құндылықтар реті өз үндестігін табады. Шәкәрімнің «ары бар, ақылы бар,

мейірімі бар, махаббаты бар адамның бірін-бірі жеп, талап, қырып өсуі мүмкін емес. Бізше адам өмірін түзеуге, барлық адамдар тату тұруға негізгісі – адал еңбек, ақ жүрек, арлы ақыл болуы керек. Дүниеде бұл үшеуі үстем болмай, адам баласына тыныштық өмір сүруге мүмкіндік жоқ» деген пайымдаулары бүгінгі күні де өзектілігін жойған жоқ. Керісінше нарықтық экономиканың дамып, рухани «әлеміміздің» құлдырап бара жатқан кезінде бірден-бір жол сілтер сәуле іспетті[2].

«Тіршілік туралы адам арасында көптен бері айтылып келе жатқан екі түрлі жол бар. Бірі, дене өлсе де жан жоғалмайды, өлгеннен соң да бұл тіршілікке тіпті, ұқсаматын бір түрлі өмір бар. Сондықтан жалғыз ғана дүние тіршілігінің қамын ойламай, сол соңғы өмірде жақсы болудың қамын қылу керек дейді. Мұны ақырет - өлгеннен соңғы өмір жолы дейді. Енді бірі, бұл әлемдегі барлық нәрсенің бәрі өздігінен жаралып жатыр, оны былай қылайын деп жаратқан иесі жоқ, һәм өлген соң тірілетін жан жоқ дейді» [3] – деп жазды Шәкәрім.

Осы екі ұстанымды түсіндіре отырып, ақыр аяғында Шәкәрім өзіндік концепция ұсынады. Оның пікірінше, бірінші ақиқатты жаратушы мен жанның мәңгілігін мойындайтын сенім, яғни діни ақиқат құрайды. Сондай ақ, Абай іліміндегі “мен” мен “менікі” деген күрделі философиялық мәселені шешуге тырысуы екі ғалымның еңбегіндегі үндестікті көрсетеді. Абай осы ойын өте терең де әдемі өлең шумағы арқылы жеткізеді: Өлсе өлер табиғат, адам өлмес, Ол бірақ қайтіп келіп, ойнап-күлмес. Мені мен менікінің айырылғанын Өлді деп ат қойыпты өңкей білмес... Өлді деуге сия ма, ойландаршы, Өлмейтұғын артында сөз қалдырған [4]. “Мен” мен “менікінің” арақатынасы туралы ертеден әртүрлі діндер мен философиялық жүйелерде қарастырылып жүрген өте көне және ауқымды философиялық мәселелердің бірі. Абай философиясының өзекті мәселесі-адам, адамшылық, адамгершілік мәселелері болғандықтан, Абай да “мен” мен “менікінің” күрделі қарым-қатынасына философиялық талдау жасап, оған өзіндік түсініктеме береді. Абай осы мәселеге байланысты былай деп жазады: Ақыл мен жан – “мен” өзім, тән – “менікі”, “Мен” мен “менікінің” мағынасы екі: “Мен” өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан, “Менікі” өлсе өлсін, оған бекі! “Мен” – жан, рух болып табылса, “менікі” – тән, адам денесі. “Менікі”, яғни адамның тәні, денесі өлгеннен кейін, Абайдың пікірінше “мен”, яғни рух, жан ешуақытта өлмес емес. “Мен” әр адамның рухы, оның адамгершілік қасиеті, ал “менікі” – еңбекпен жасалған, артта қалған дүние – мүлкі. Материалдық дүние өткінші, ал руханилық – мәңгі. Руханилық адам бойындағы адамилыққа байланысты болса, материалдық дүние – пендешілікке тән. Сондықтан Абай: “менікі” өлсе өлсін, оған қайғырма, өзіңнің өзіңнен кейінгі ұрпаққа қандай рухани мұра қалдыра алатындығыңды ойлан, бір сөзбен айтқанда пенде емес, азамат, адам бол деп үйретеді.

Екінші ақиқат – сезімдік қабылдаулар мен рационалдық ойлауға сүйенетін ғылыми ақиқат. Абайдың «Малда да бар жан мен тән, Ақыл сезім болмаса, Тіршіліктің несі сән, Тереңге бет қоймаса?» деген өлең жолдарының мәні Шәкәрімнің «екінші анығының» бір дәлелі іспеттес. Яғни адамның ақыл

көзімен емес, жүрек «көзімен» тіршілік етуін меңзеп отыр. Үшінші ақиқат – бұл жан ақиқаты, оның субстанциалдық негізі – ұждан. Адам жақсы өмір сүру үшін таза еңбекке, ұждан ақылға, шын жүрекке сүйенуі тиіс.

Материалдық өмір - уақыттың еншісі. Ол бүгін бар, ертең жоқ. Рухани өмір – мәңгілік. Ол адамгершілікке, жақсылыққа, әділеттілікке, өркениеттілікке қарай дами бермек. Рухани дүние – жан мен санаға байланысты, адамгершілікке, адамдыққа тән болса, заттық, материалдық дүние Пендешілікке, өткіншілікке тән нәрсе. Адамның адамдығы оның шыншылдығында, әділеттілігінде, әрқашан дұрыстықты қолдап қостайтындығында екендігін Абай бүкіл шығармашылығына арқау етеді. «Әділет пен ақылға Сыналып көрген-білгенін, Білдірер алыс-жақынға, Солардың сөйле дегенін» - деп, кеңес берсе, екінші жағынан турасын айтпайтын, әділетті сүймейтін: «Ақылды жан табылмас маған сырлас, Көріне тентек, көп надан мойын бұрмас, Әділетсіз, ақылсыз, арсыздарды Көре тұра, көңілде тыныштық тұрмас» деп, тентек, надан, әділетсіз, ақылсыз пенделерге ренжиді. Абайдың гуманистік этикасының, моралінің тағы бір ерекшелігі тек туған-туысқаныңа, дос-жараныңа ғана емес, тіпті, «дұшпаныңа да әділ бол» деуінде[5].

Қазіргі заманғы адамгершілік туралы түсінікті этика немесе мораль деп атайды. Осы екеуі адамгершілік деген ұғымға сәйкес келеді. Бірақ Абайда да, Шәкәрімде де адамгершілік деген сөз жоқ, Абай оны адамшылық дейді, Шәкәрім адамшылық, ар дейді. Адамшылыққа қатысты білімді Шәкәрім «ар ілімі» дейді. «Ар ілімі» деген тіркес, түсінік – Шәкәрімнің жаңалығы. Ар ілімі оқылса, дей келе Шәкәрім «Ар түзейтін» ғылымның негізгі мақсатының бірі өзінің аты да айтып тұрғанындай адам жанын зерттеу, оның мінез-құлқындағы кемшіліктер мен кеселдерді түзету және рухани кемелдендіру болып табылады. Адамзат тарихында ғылыми ойдың үздіксіз даму барысында адамның өзін танымақтық жөніндегі ілімнің алғашқы қадамы көне грек философтарынан басталса да, «өзін-өзі тану» пәні ұлы ғұлама ойшылдарымыздың тұжырымдарына негізделгендігімен құнды. Оны өз заманында ғылыми жүйеге түсіріп, қалыптастырған шығыс елдерінде тұңғыш сындарлы педагогикалық жүйе жасаған ағартушы, оқымысты Әбу Насыр Әл-Фараби, Ж.Баласағұнның «Ізгілік ілімі», Қожа Ахмет Яссауидің «Хал ілімі», Әл-Фарабидің «Жан қуаты ілімі», Абайдың «Толық адам», «Имани гүл ілімдері», Шәкәрімнің «Шын адам», «Ар ілімі» тағылым мен тәрбиенің тірегі болуында.

Ол психологиядан тұлғаның рухани дамуына, өзін адамгершілік тұрғысынан кемелдендіруге, адамның «жан, тән, рух» деп аталатын үш одағын қамтитындығымен ерекшеленеді. Сондай ақ Абай да, Шәкәрімнің де ілімінің басты идеясы адам, адамның шексіз рухани мүмкіндігі бар екендігі осы пән аясында ескеріледі.

Рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру арқылы ізгілік бастауларының негізін қалау – адамның ішкі жан дүниесінің даму жағдайын көрсететін, адамдық деңгейін ашатын, сипаттайтын оның тұрақтылығы мен жетілу деңгейін, әлеуметтену дәрежесін, қоғамдық мәнін айқындайтын жеке

тұлғаның ішкі ең мәнді құрылымдық элементі деп білеміз. Өйткені рухани-адамгершілік құндылық адам санасында орын алып, сана арқылы игеріліп, іс-әрекетке жетелейді[6]. Сондықтан біз үшін құндылықтың өзегі – Адам, тәрбиесі – Адам болуға ұмтылыс жасау. Олай болса, рухани-адамгершілік құндылықтың салауатты өмір сүруге қатысы, адамның ортамен қарым-қатынасы, айналысатын ісі, білімі мен өмір сүру салты, санасы, сезімі, сенімі мен сапасынан тұратын жүйе арқылы «толық адам» тәрбиелеу болмақ

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н. Семей мен Қарауылдағы Абайдың 150 жылдық мерейтойында салтанатты жиындарда сөйлеген сөздерінен, 10-11 тамыз, 1995
2. Құдайбердіұлы Ш. Өлеңдер мен поэмалар / Құраст.: М.Мағауин. – Алматы: Жалын, 1988. 256б.
3. Шәкәрім «Үш анық» Алматы, «Әлем» Алматы– 1991, 19 б.
4. Абай Құнанбаев. Екі томдық шығармалары. – Алматы, 1986
5. Абай Құнанбаев. Қара сөздері. Алматы, 2009.
6. Ivar Bråten. Beliefs about sources of knowledge predict motivation for learning in teacher education // Teaching and Teacher Education An International Journal of Research and Studies, Volume 50, August 2015, Pages 13–23.